


«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ИНДЕР АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМШІНІҢ
«АЙНАЛАЙЫН»
БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛАЙЫҚ КӘСПОРНЫ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ЯСЛИ-САД «АЙНАЛАЙЫН»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ИНДЕРСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҮЙРЫҚ

26.02.2024

Индербор кенті

ПРИКАЗ

№ 23

поселок Индерборский

Терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз етуге жауапты тұлғаны тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2024 жылғы 7 ақпандағы № 26 бұйрығы «Объектілерді терроризмге қарсы қорғауды үйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулысына, терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету іс-шаралар жүргізуге жауапты болып үш жыл мерзімге шаруашылық менгерушісі А.Құспан тағайындалсын.
2. Терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету іс-шараларын өткізуге жауапты тұлға А.Құспан:
 - тағайындалған мерзім ішінде осы бұйрыққа 1-қосымшада көрсетілген міндеттерді орындасын;
 - лаңкестік әрекет жасау қаупі төнгенде немесе жасаған жағдайда іс-қимыл бойынша оку мен нұсқаулықтан өтсін; лаңкестік әрекет жасаудың моральдық-психологиялық салдарын азайту бойынша сабактарға қатыссын; таралымы шектелген қызметтік ақпаратпен жұмысқа дайындықтан өтсін.
3. Осы бұйрықта аталған А.Құспаның қолын қойдырып, онымен таныстырысын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

Менгеруші

—

С.Ж.Жангали

Бұйрықпен таныстым:

А. Құспан

Терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету іс-шаралар өткізуге жауапты тұлғаның міндеттері

1. Терроризмге қарсы қорғалудың нормативтік талаптарының орындалуын қамтамасыз ету:

- есептік құжаттаманы құрастыру;
- білім беру үйыми білім алушылары мен жұмыскерлерінің терроризмге қарсы қорғалу мәселесі бойынша нұсқаулықтары мен жаднамаларын дайындау;

2. Білім беру үйымина заңсыз кіруге кедергі келтіру жұмысын үйимдастыру:

- заңсыз кірудің алдын алу, анықтау және оның себептерін жою бойынша шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру;
- кіргізу және объектішілік режимді үйимдастыру және қамтамасыз ету;
- білім беру үйиминың ақпараттық ресурстарын рұқсатсыз пайдаланудың алдын алатын шараларын кешенін әзірлеу және іске асыру;
- терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету шараларының орындалуын бақылау;
- білім беру үйиминың аумағы мен үй-жайларын бақылау мен аралауды күнделікті бақылау.

3. Терроризмге қарсы қорғалу мәселесі бойынша жұмыскерлерді дайындауды үйимдастыру:

- терроризмге қарсы қорғалу талаптары мен білім беру үйиминың қауіпсіздік мәселесі бойынша үйимдік-өкімдік құжаттарының мазмұны туралы ақпараттандыру;
- ақпараттық стендтерді жабдықтау және төтенше жағдай туындағанда эвакуациялау жоспарын, апарттық-күткеру қызметтерінің, құқық қорғау органдары мен қауіпсіздік органдарының телефон нөмірлерін стендке орналастыру;
- білім беру қызметінде терроризм мен лаңкестік идеологиясына қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша жеке жұмыс жүргізу;
- лаңкестік әрекет жасау қаупі төнген немесе жасаған жағдайда әрекет етуді үйрету;
- террористік акт жасау қаупі не жасалғаны туралы ақпарат алған кезде жұмыскерлерді, білім алушылар мен өзге тұлғаларды қауіпсіз әрі уақтылы эвакуациялау бойынша жаттығулар ме оқулар өткізу;
- террористік акт жасаудың моральдық-психологиялық салдарын азайту бойынша сабактар өткізу;
- білім беру үйимінде уытты химикаттарды, уландырушы заттар мен патогендік биолоигиялық агенттерді қолдануды, соның ішінде оларды почта бөлімшелері арқылы алушы анықтау және алдын алу жұмысына дайындау;
- қауіпсіздік паспортында берілген таралымы шектеулі қызметік ақпаратпен және терроризмге қарсы қорғалу туралы таралымы шектеулі қызметтік ақпаратпен жұмыс мәселесі бойынша лауазымдық тұлғаларды даярлау мен қайта даярлауды үйимдастыру.

4. Білім беру үйимінде қарсы жұмыстарды үйимдастыру:

- террористік әрекетке дайындық деректерін анықтау бойынша жөндеу және құрылыш жұмыстарының жүргізілуін бақылау;
- адамдар көп жиналатын іс-шараларды өткізу үшін қолданылатын үй-жайлардың жай-күйін бақылау;
- білім беру үйимін күзету мен қорғауды қамтамасыз ету талаптарының орындалуын бақылау.

5. Таралымы шектеулі қызметтік ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету:

- қауіпсіздік паспорты мен өзге құжаттардағы қызметтік ақпараттың, соның ішінде терроризмге қарсы қорғалу бойынша қолданылған шаралар туралы таралымы шектеулі

қызметтік ақпараттың таралуы мүмкін арналарын айқындау және алдын алу шарапарын іске асыру және ұйымдастыру;

- контролировать действия работников и иных лиц, имеющих право доступа к служебной информации ограниченного распространения.

6. Терроризмге қарсы қорғалу мәселесі бойынша білім беру ұйымының мүддесін қорғау:

- тексерулерге қатысу және қажет кезде қадағалау органдарына бару;
- ішкі істер органдарының бөлімдерімен, жергілікті атқарушы органдармен, білім беру ұйымындағы терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету мәселесі бойынша өзге органдар мен ұйымдармен бірге жұмыс істеу;

- күзет ұйымының өкілдерімен білім беру ұйымын терроризмге қарсы қорғау мәселесі жөніндегі ақпаратпен алмасу.